



АЛАТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau_araiy@mail.ru
www.alatauaraiy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№77 (382) // 17 шілде // бейсенбі // 2025 жыл

ВИЦЕ-ПРЕМЬЕР САПАРЫ



ТУРИЗМ – ЕЛДІҢ БЕТ-БЕЙНЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Үкімет елдің туристік аймақтарын тиісті жағдайға келтіру жөнінде шұғыл шаралар қабылдап жатыр. Ел Президенті танығал демалыс орындарында сервис сапасының төмендігін, инфрақұрылымның нашарлығын және санитарлық мәселелерді түпкілікті шешу қажеттігін ерекше атап өтті.

● Қуаныш ТҰНҒАТАР

Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлағандай, Президент тапсырмасын тиянақты орындау мақсатында Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев туристік бағыттардың жай-күйін бағалау үшін өңірлерге жұмыс сапарын бастады. Сапар аясында бірінші нысан Қонаев қаласындағы Қапшағай су қоймасының жағалауы болды.

Қапшағай су қоймасы – ішкі туризмнің ең көп адам жиналатын бағыттарының бірі. 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында оның жағалауына 860 мыңнан астам адам келді. Өңірде 140 туристік нысан, оның ішінде 8 коммуналдық жағажай бар.

Сапар барысында Ермек Көшербаев қонақтарды орналастыру объектілерінің, жағажай және жол инфрақұрылымының жай-күйімен, аумақты санитарлық күтіп ұстаумен, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және шұғыл қызметтердің дайындығымен танысты. Вице-Премьер аймақ әкімдігіне биыл күзге дейін солтүстік жағажайға баратын жолдың жұмыстарын аяқтауды тапсырды.

Бизнес өкілдері мен өңір тұрғындары туристік аймақтың проблемаларын айтты. Инфрақұрылымдық шектеулерге ерекше назар аударылды. Мәселен, кәсіпкерлер қосалқы электр стансаларының жетіспеушілігін, орталықтандырылған көріз жүйесінің жоқтығын және инженерлік желілердің шамадан тыс жүктемемен жұмыс істеп тұрғанын атады. Қаншама

инвестиция салынып жатқанына қарамастан, жергілікті атқарушы органдар тарапынан жүйелі шешім болмаса, туристік аймақтың тұрақты дамуы мүмкін емес. Мәселен, жағажайларда 280 дәретхана бар, олардың санитарлық-гигиеналық қызметі үнемі бақылауды және нақты үйлестіруді қажет етеді.

Күн тәртібінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және төтенше жағдайға дайындық мәселесі де қарастырылды. Премьер-Министрдің орынбасары Төтенше жағдайлар министрлігіне жағажайлардағы барлық құтқару кабинеттерін талапқа сай етуді және профилактикалық жұмыстарды күшейтуді тапсырды. Сондай-ақ жұмыс сапары аясында инженерлік жүйелер мен санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің демалушылардың жаппай ағынына дайындығы, әсіресе 15 мың адамға дейін қатысатын іс-шараларды өткізу мәселелері талқыланды.

Сапар барысында туристік учаскелерді аймақтарға бөлу бойынша пилоттық жоба ұсынылды. Ауыл шаруашылығы министрлігі өкілдерінің айтуынша, мұндай жүйе жағалауды функционалды аймақтарға, яғни рекреациялық, табиғатты қорғау, инфрақұрылымдық және өзге де учаскелерге бөлуді қарастырады. Бұл аумақтың дамуын тиімдірек басқаруға, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға және демалушылар мен инвесторлар үшін жайлылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар іссапарда баға тақырыбы да көтерілді. Барлық жағдай жасалып жатқанына

қарамастан, бірқатар нысандағы қызмет құны жоғары болып отыр. Сол себепті бағаның өсу себептеріне, әсіресе коммуналдық жағажайлардың бағасына талдау жүргізу тапсырылды, ол жерлердегі қызметтер халық үшін барынша қолжетімді болуы тиіс.

Вице-Премьермен кездесуде экологиялық мәселе де сөз болды. Мәселен, Балқаш көліндегі судың деңгейі тұрақты болса, Алакөлде ол жағалаудан алыстап немесе жақындап жиі өзгереді. Бұл жағалау сызығының ауытқуына және инфрақұрылымдарға орын алмастыруға мәжбүр етеді. Ермек Көшербаев жаңа объектілерді салу кезінде табиғи факторларды есепке алып, ғылыми және инженерлік кеңес қажеттігін атап өтті.

Коммуналдық жағажайлар тазалық пен қызмет көрсету сапасы бойынша стандарттарды ұстануы керек. Жайма базар жасап, көлеңкелі бизнеспен жұмыс істеуге болмайды. Түбіртектер, терминалдар, салықтық тіркеу болуы керек. Адамдарды бала кезінен бастап тәртіп пен заңға үйрету қажет. Билік тарапынан ағымдағы мәселелерді жою ғана емес, жүйелі түрде тәртіп орнату және азаматтардың күткеніне сай жағдай жасау маңызды. Туризм, бұл – елдің бет-бейнесі. Алакөл, Қапшағай, Балқаш сияқты табиғи аймақтарда жағалау сызығы өзгеретінін ескеру, күзет аймақтарын салу, халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Мұның барлығына жергілікті атқарушы органдар жауапты, – деп атап өтті Вице-Премьер.

Жұмыс сапары ары қарай Жетісу, Абай облыстарында, Алакөл жағалауында жалғасты. Барлық туристік нысандарды аралау аяқталғаннан кейін өңір әкімдерінің және уәкілетті мемлекеттік орган басшыларының қатысуымен кеңейтілген жиын өтті. Онда анықталған кемшіліктерді жою барысына баға беріледі, одан ары қарай қабылданатын шаралар айқындалады.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Әлеуметтік тапсырыс жайы талқыланды

Облыс әкімдігінің мәжіліс залында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асу барысы, үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) белсенділігі мен жобалар тиімділігіне қатысты жиын өтті. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында атқарылып жатқан ҰЕҰ жобаларының тиімділігі мен ашықтығын бағалау, жүзеге асып жатқан шаралардың мақсат-міндеттерге сәйкестігін анықтау және азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында ұйымдастырылған ауқымды шараға облыстық қоғамдық кеңес мүшелері, басқарма басшылары, аудан-қала әкімдік өкілдері мен ҰЕҰ өкілдері қатысты.



● Құралбек СӘБИТОВ

Дөңгелек үстел жұмысын ашып, жүргізген Алматы облыстық Азаматтық альянсының президенті, заң ғылымдарының кандидаты, профессор Қазыбек Дәуітәлиев «Алматы облысында жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік істі басқаруға қатысуын қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» атты баяндамасын оқыды.

– Қазіргі таңда үкіметтік емес ұйымдар қоғамда маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекеттік құрылымдарға серіктес бола алады. Алайда олардың мүмкіндігін толыққанды пайдалану үшін жүйелі тәсіл мен нақты қолдау қажет, – деген Қазыбек Нұрсейітұлы ҰЕҰ мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы қарым-қатынасты күшейту, ашықтық пен сенімділік орнату жолдарына кеңінен тоқталды.

Келесі сөз кезегін алған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы, ҰЕҰ өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңес төрағасының орынбасары Ерік Абитов «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы әлеуметтік инновациялар» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Ол әлеуметтік жобалардың мониторингін жетілдіру, олардың сапасын бағалау әдістері және қоғамдық бақылау тетіктері туралы түсіндіріп өтті.

(Соңы 2-бетте) ➔

«АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»

Жол мақсатқа жеткізеді

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ел азаматтарының жайлы қозғалысын қамтамасыз ету, экономика мен әлеуметтік саланы дамыту үшін жол инфрақұрылымын жақсарту қажеттігін бірнеше рет атап өткен еді. Тіпті, Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында жол салу және жөндеу бойынша ауқымды жұмыстарды бастау жөнінде де нақты тапсырма берген.



● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ

Осыған орай, қазір «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының аясында мемлекеттен қосымша қаржы бөлу арқылы ауылдарда өмір сүру сапасын жақсарту бойынша ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Соның ішінде жол төсеу, тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт нысандарын қайта жаңғырту және жаңаларын салу – негізгі міндет.

Талғар ауданындағы атқарушы билік өкілдері Мемлекет басшысының тапсырмаларын қалай басшылыққа алып, оларды нақты қалай жүзеге асырып жатқанын Қайнар ауылдық округіндегі Еламан ауылының мысалында өз көзімізбен көрдік. Кішкентай ауылда жол жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр деуге болады. Шағын елді мекендегі ұзындығы 4 шақырымды құрайтын орталық көше – Жақыпбаев көшесінің өзінде ауа райы қолайсыз күндері жолдағы шұрық тесіктен көліктердің өтуі өте қиын еді. Енді бұл түйткіл біржола шешілмек, ой-шұңқырлар толық тегістеліп, асфальт төселуде. Оның сапасы да қатаң бақылауда.

(Соңы 2-бетте) ➔

БАСПАСӨЗ – 2025

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Жақсы сөз, шуақты ой – жолдағаны, Тілі бай, қазынасы мол бағалы. «Алатау арайына» жазылыңыз, Ұлтқа деген шын құрмет сол болады!

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады: **87476881741, 87082109571**

«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

| Жазылушылар | Индексі | 5 айға | |
|---|---------|---------|---------|
| | | қала | ауыл |
| Жалпы жеке жазылу | 64792 | 3336,00 | 3336,00 |
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар) | 14792 | 8200,80 | 4656,00 |
| ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен | 54792 | 3036,00 | 3036,00 |

| ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ: | | |
|---|--------|---------|
| Жазылушылар | 6 айға | 12 айға |
| Жалпы жеке жазылу | 2500 | 5000 |
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар) | 4000 | 8000 |
| ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен | 2050 | 4100 |

| РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ: | | |
|---|--------|---------|
| Жазылушылар | 6 айға | 12 айға |
| Жалпы жеке жазылу | 3000 | 6000 |
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар) | 4400 | 8800 |
| ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен | 2450 | 4900 |

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.



Әлеуметтік тапсырыс жайы талқыланды



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

← (Басы 1-бетте)

Ерік Әзілжанұлы өз сөзінде:

– Әлеуметтік тапсырысты іске асыру тек қаржылай қолдаумен шектелмеуі тиіс. Ең бастысы – қоғамдық маңыздылығы, ұзақмерзімді әсері мен ашық есептілік болуы керек, – деп атап өтті.

Алматы облыстық Азаматтық альянсы президентінің орынбасары Мәдина Сауытбекова азаматтық қоғамды дамытуда әрбір азаматтың ролі мен белсенділігінің маңыздылығы жайында сөз қозғады.

– Азаматтық қоғам – әрбір саналы азаматтың айналадағы өзгеріске бейжай қарамауы, үн қосуы. Біздің болашағымыз өзіміздің белсенділігімізге тікелей байланысты, – деді ол.

Жиынның келесі бөлігінде қоғам қайраткері, халықаралық қатынастар саласы бойынша PhD докторы, профессор Қайыржан Әбдіхалықов қатысушыларға «Портрет лидера», «Әлеуметтік лидерлік», «Эмоциялық интеллект және soft skills дамыту» тақырыптарында мазмұнды дәріс оқыды.

Ол слайд арқылы нақты мысалдар келтіріп, көшбасшылық қасиетінің, эмоционалды тұрақтылық пен командамен жұмыс істей білу қабілетінің тиімділігін ашып көрсетті. Қазіргі таңда әлеуметтік жобалардың сәтті болуы – көшбасшының адами және кәсіби қасиеттеріне тікелей байланысты екенін де айта кетті.

Дөңгелек үстел барысында «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы ҰЕҰ қызметін мониторингтеу әдістемесі» атты облыстық семинардағы жобаларды қадағалау мен бағалаудың жолдары кеңінен талқыланды. Спикерлер ҰЕҰ жобаларына мониторинг жүргізу арқылы сапаны арттыру, есептілік пен ашықтықты қамтамасыз ету тетіктерін ұсынды. Осы орайда Қайыржан Саясатұлы:

– Мониторинг дегеніміз – сын айту емес, сапаны арттыру құралы. Бұл жобаның тиімділігін бағалауға, оны жақсартуға бағытталған серіктестік қадамы, – деген пікірін ортаға салды.

Семинарға қатысқан ҰЕҰ мен қоғамдық ұйым жетекшілері, әлеуметтік бастамашылар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, білікті мамандардан тұшымды жауап алды.

Жиын соңында ұйымдастырылған фуршет барысында қатысушылар өзара ашық пікір алмасып, бейресми форматта байланыс орнатуға мүмкіндік алды. Артынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында үздік жұмыс атқарған белсенділер арнайы марапаттарға ие болды. Қатысушыларға Алғыс хат табысталаып, олардың азаматтық белсенділігі жоғары бағаланды.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ



Еңбек майталмандарына құрмет

Елімізде Ветеринария қызметкерлері күні кеңінен аталып өтуде. Осы ретте Кеген ауданы әкімдігінің мәжіліс залында өңір ветеринарларының басын қосқан салтанатты шара өтті.

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Мерекелік жиынға Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев, облыстық ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Нұртас Қиялбеков, облыстық ветеринариялық стансаның директоры Сабырбек Хамитұлы, аудандық ветеринариялық стансаның директоры Қабыл Төкенов, мал дәрігерлері мен сала ардагерлері қатысты.

Аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев ветеринария саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, еңбек майталмандарына ерекше құрмет көрсетті. – Экономиканың негізгі тірегі болып табылатын мал шаруашылығы саласында ветеринарияның алар орны ерекше. Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Ветеринария – тек жануарлардың саулығына ғана емес, адамдардың денсаулығы мен азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін аса жауапты сала. Сіздер күнделікті атқарып жүрген табанды еңбектеріңіз арқылы ауыл шаруашылығының дамуына, мал шаруашылығы өнімдерінің сапалы әрі қауіпсіз болуына зор үлес қосып келесіздер. Мамандыққа деген адалдықтарыңыз, жануарларға деген жанашырлықтарыңыз бен кәсіби шеберліктеріңіз үшін зор құрметке лайықсыздар. Ауданымыздың ауыл шаруашылығы саласындағы жауапты қызметтеріңізге жеміс тілеймін! – дей келе, ветеринария саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлерді Алғыс хатпен марапаттады.

Салтанатты шарада облыстық ветеринариялық стансаның директоры Сабырбек Хамитұлы құттықтау сөз сөйлеп, жылдар бойы осы салада еңбек етіп, өмірін мал шаруашылығымен байланыстырған жандарға облыс әкімінің Құрмет грамотасын табыс етті. Сондай-ақ Кеген аудандық ветеринария бөлімінің ветеринариялық дәрігері Жамбыл Мамырқұловты «Алматы облысы ветеринария саласындағы қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің «Еңбек ардагері» төсбелгісімен, Тасашы ауылдық округі ветпунктінің ветеринариялық санитары Сайлаубек Иманбековті «Еңбек үздігі» төсбелгісімен марапаттады.

Мерекедегі басты сыйлық – «Нива» автокөлігі облыстық ветеринария басқармасының қолдауымен осы саладағы жауапты қызметі үшін Қарабұлақ ауылдық округінің ветеринариялық қызметіне сыйға тартылды. Осылайша ветеринар-мамандардың мерейі арта түсті.

Кеген ауданы

Жол мақсатқа жеткізеді



← (Басы 1-бетте)

Осыған орай құрамында ауыл әкімі Нұрбол Есенбаев, облыстық мәслихат депутаты Сұлтан Нұрдуәлетов, «Автожолдар және жолаушылар көлігі бөлімі» ММ басшысы Асхат Досжанов, ауылдық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қоныс Алшынбеков бар арнайы топ жөндеу жұмыстарының сапасын тексерді. Кошенің 400 метрлік бөлігінде орташа жөндеу жұмыстары қызған. КамАЗ-дан ыстық асфальт төгіліп, оны әрқайсысының салмағы 12 тонна болатын 4 асфальт төсегіші тегістен келеді.

Жолдың сапасы үшін жауапты басшы Асхат Досжановтың айтуынша, асфальтты төсеу құрылыс нормалары мен ережелеріне сай жүргізілуде, қалыңдығы 30-40 сантиметрді құрайды, сондай-ақ жаяу жүргіншілер жолын салу да көзделген. Жөндеу жұмыстары «Прима-инвестстрой» ЖШС мердігерлік ұйымының күшімен жүзеге асырылып жатыр.

Еламан ауылында барлығы 25 көше бар, оның ішінде 10 жолға республикалық бюджеттен «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 75 миллион теңге қаражат бөлінген. Биыл ұлттық жоба аясында Нұрпейісов, Ширманов, Мұқанов, Оралхан Бөкей, Көшек батыр, Қожамбет би, Ұмай ана, Жәмеңке батыр, Күшік хан көшелері орташа жөндеуден өтеді.

– Мемлекет асфальт төсеу, шұңқырларды жөндеу және басқа да жұмыстарды қоса алғанда, ауылдық жерлерде жол салу және жөндеу бойынша жобаларды белсенді түрде іске асыруда. Сонымен бірге жөндеу жолдардың беріктігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін орындалатын жұмыстардың сапасын бақылауға да ерекше назар аударылады. Қайнар ауылдық округінде 327 көше бар, жолдардың жалпы ұзындығы 174,58 шақырымды құрайды, оның ішінде 45,08 шақырым жолға асфальт-бетон, қиыршықтас-күм жамылғысы төселген. Округте жалпы 50 көше жөнделіп, 30 көше асфальтталды, ал 20 көшеде қиыршық тас төселеді. Бұдан басқа, «Келешек мектептері» бағдарламасы аясында салынып жатқан мектептерге кіретін 1,4 шақырым жаңа жол салынады. Олар биыл қазан айында Жалқамыс, Еламан және Айғаным ауылдарында пайдалануға беріледі, – деді ауыл әкімі Нұрбол Есенбаев.

Ауылдардағы жолдарды жөндеу мен салу – азаматтардың өмірін жақсартуға және елдің орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты екенін айта кеткен жөн. Жақсы жол, адамдардың көптеген жайлы да жылдам және қауіпсіз қозғалысы алдағы мақсаттарға жетуге қолайлы жағдай жасайды. Лайым, алтын бесігіміз аландыз тербеліп, ауылдарымыз жаңғыра берсін!

Талғар ауданы

ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕ

ҚАРАОЙДАҒЫ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Райымбек ауданында осыдан үш жыл бұрын 11 шаруа қожалығы бас біріктіріп, «Алтын дән-1» атты өндірістік кооперативін құрған еді. Қолда бар мүмкіндіктерін бір арнаға тоғыстырып, таулы өңірге қолайлы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, сөйтіп, молшылық негізін қалауды ниет еткен. Қараой өңірінен 500 гектар алқапты меншіктеріне алып, көктем шығысымен мақсатты іске білек сыбана кіріскен. Бұрын да диқаншылықтан хабары бар, тәжірибесі мол азаматтар қара жердің қыртысын айырып, арам шоптен, өнімнің өсіп-жетілуіне кедергі келтіретін басқа да зиянды заттардан арылтты. Химиялық тыңайтқыштармен қоректендіріп, құнарын арттырды. Басқа да агротехникалық талаптарды толығымен жүзеге асырды. Сөйтіп, иі қанған алқапқа «Любава», «Любава-5» деп аталатын жаздық бидай тұқымдарын септі. Ерінбей еңбектенді, тамшылата тер төкті. Нәтижесінде еселей еңбек пен тамшы тердің төлемі жайқалған егінге, сары теңіздей толқыған алтын астыққа айналды. Қамба күн иісті дәнге толды.



қондырғысы орнатылып жатыр. Жобаның құны 700 миллион теңгеге бағаланып, тиісті қаражат берілді. Жаңбырлатып суару жүйесін қолға алған шаруа қожалықтарына 80 пайыз субсидия бөлінді. Бұл қаражат ток көзін тартып әкелу, құбырлар тарту, бұрғылау техникасын орнату, су қоймасын жасау сияқты инфрақұрылымдарға жұмсалады. Біз осы бағдарламаның арқасында ғана қолға алған жұмысты жүзеге асырып жатырмыз. Егер бұл бағдарлама болмаса, кез келген кәсіпкер үшін аталған жұмысты іске асыру қиын. Райымбек ауданы аграрлық салаға өте қолайлы. Әсіресе, таулы өңірдің дарқан дақылы – картоп өсірудің тиімділігі жоғары. Осы орайда мына бір нәрсені айта кеткім келеді. Таулы өңір соңғы он жыл ауанында картоп өсіруде біршама артта қалып қойды. Бұған тұқымның қартаюы, заманауи технологиялардың жеткіліксіздігі, ауыл шаруашылығы техникаларының ескіріп, тозығы жетуі көптеген кедергілер келтіргені анық. Қазіргі таңда бұл қиыншылықтардың көзі жойылды. Бәрі де жұмысты бүгінгі талап деңгейінде атқарып, заманауи технология арқылы жүзеге асырудың нәтижесі арқылы қаланды, – дейді кооператив төрағасы Дулат Құлмамұров.

Кооператив төрағасының айтуынша, аудан Алматыдай ірі мегаполиске жақын болғандықтан картоп өсірудің тиімділігі де арта түсетіні анық. Бұл бағытта «Қонаев» ӘҚК» ұжымымен іскерлік байланыс орнату мен облыс әкімдігінің қолдауы игілікті істің өркендеуіне өзіндік септігін тигізуде. Қазір Алматы іргесіндегі Ынтымақ

ауылынан «Пепсико» зауыты салынып жатыр. Сол зауытты шикізатпен қамтамасыз ету үшін келісімшарт жасасқан. Өз алқаптарынан 60 гектар жерге аталған зауыт үшін картоп егіп, алдағы күзде қажетті өніммен қамтамасыз етпекші. Алқапқа себілген 180 тонна тұқым да Швециядан, Ресейден әкелінді.

Қараой өңіріне су тарту жұмысы өткен 2024 жылдың желтоқсан айынан қолға алынған. Зерттеліп, зерделеніп, жоспары жасалыныпты. Игілікті бастама мемлекеттен қолдау тауып, тиісті қаражат бөлінген. Бұрғылау ісімен «Бұл Сәт» атты мердігер компания айналысуда. Жанболат Сәтеев жетекшілік ететін компанияның алғашқы бұрғылау жұмысы өз нәтижесін беріп, 240 метр тереңдіктегі тұщы су жер үстіне шығарылыпты. Қазір екінші орынды бұрғылау жұмысы жүргізілуде. 250-270 метр тереңдіктен су шығатынына Қанат Артықов басшылық жасайтын бұрғылаушылардың сенімдері зор. «BZC-600 AL» аталатын бұрғылау машинасының да мүмкіндігі шексіз. Сонымен қатар су сорғызатын қондырғылардың қасынан сыйымдылығы 30 мың текше метрлік су қоймасы да дайындалуда. Болашақта осы қоймаға жиналған су арнайы құбыр арқылы жаңбырлатқыш техникаға жеткізіледі. Жаңбырлатқыш қондырғының қажетті құрал-жабдықтары да толығымен жеткізілген. Жаңа қондырғыны тікелей алқап басында құрастыру ісімен «KAZ КЮТА» компаниясының мамандары айналысуда.

Иә, бұған дейін жеті қат аспанның ақ қары мен жаңбырына тәуелді болып келген Қараой өңірінің жерасты суының игілігін көретін күні де алыс емес. Жаңбырлатып суарудың тиімділігі де жоғары болмақ. Нақты айтқанда, 70 гектар алқап арық арқылы 10-15 күнде суарылатын болса, жаңбырлатып суаруға небәрі үш күн ғана кетеді. «Алтын дән-1» өндірістік кооперативі 500 гектар алқапты алдағы уақытта астықпен қатар көкөніс, майлы дақыл, картоп, мал азығын өсіретін алқапқа айналындыруды мақсат етуде. Ортақ іске құлшыныс танытып отырған Айбар Тойлыбаев, Әрсен Молдағалиев, Мәксат Әшімбаев, Елияс Құныпияев, басқа да кооператив мүшелерінің өз иеліктеріндегі алқаптың алдағы уақытта сулы жерге, сулы жер – нулы жерге айналатынына сенімдері мол.

Райымбек ауданы





ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ӘДІЛЕТТІЛІК НЕГІЗІ

Алматы облысында Жанболат Әкебайұлы бастаған Парламент Сенаты мен Мәжіліс депутаттарымен кездесу өтті. Жиынға елге белгілі Сұлтан Дүйсембінов, Жанарбек Әшімжан, Данияр Қасқарауов, Закиржан Кузиев, Максим Рожин, Марат Қожаев секілді депутаттар қатысты. Кездесуді облыстық мәслихат ұйымдастырып, оған барлық деңгейдегі мәслихат төрағалары мен облыстық қоғамдық кеңес мүшелері қатысты.



сияқты, десе де мәселе сақталуда; мамандардың айтуынша, алғашқы әскери дайындық сабағын беретіндердің 27 пайызы әскерде болмағандар. Бұл да үлкен кедергілердің бірі деп есептейміз.

Жиын барысында Алматы облыстық қоғамдық кеңесінің ұсыныстары өңірдегі билік органдары тарапынан түсетін талап-тілектерді қайталайды деген сын айтылды. Рас, сыртқы көрінісі бойынша сын орынды. Өңір ортақ болған соң жергілікті билікке де, қоғамдық кеңеске де сұрақтар легі қаптап түсіп жатады. Алайда бұл олардың маңыздылығын

кемсітпейді деп ойлаймын. Қолданыстағы заңнамада да мәслихат пен қоғамдық кеңестің функциялары көп ретте бірін-бірі қайталап жатады. Мұны М.Қоғамов секілді заңгер-ғалым ағаларымыз «Екі рет өлшеп барып кесу артық болмайды» деп түсіндіреді. Оның үстіне қоғамдық кеңес өз жұмысын тегін, яғни заң шығарушының ойы бойынша тәуелсіз атқаратынын ескерсек, талап-тілектердің бірін-бірі қайталап жатуы көтеріліп отырған мәселенің шынайы, ал тіркелген ақпараттың релевантты екенін көрсетеді.

Біз бүгінде ҚР «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 6-бабына сәйкес жергілікті қоғамдастықтың жиналыстарымен тығыз жұмыс атқарудамыз. Республикада осы практиканы бірінші болып қолға алдық. «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға сәйкес жергілікті маңызға ие сұрақты тек осы жергілікті қоғамдастықтың жиналыстары ғана анықтай алады. Қолданыстағы заңда бұл олардың айрықша құзырына жатқызылған. Сондықтан Алматы облысындағы 136 ауылдық округтің (оның ішінде 4-еуі кент пен қала) жергілікті қоғамдастық жиналыстарының бәрінде дерлік барып, кездестік және талап-тілектерін жиыстырдық. Оларды билік органдарына жеткізу міндетін хаттама негізінде қабылдап, шешу жолдарын құзырлы орган басшыларымен бірлесіп іздестіреміз. Кейстер де өткізілді.

Жалпы, әкімдік пен оның басқармалары тарапынан халық үшін істеліп жатқан дүниелер өте көп. Кейде соны елді аралап, қарапайым тілмен түсіндіру, тыңдау, жеткізу, кері байланысқа шығу жағы ақсап жатады. Елімізде «Жайлы мектеп», «Ауылдық медицинаны модернизациялау», «Қолжетімді интернет» секілді небір мықты ұлттық жобалар іске асуда. Ұлттық құрылтайда ұлтқа пайдалы қаншама идея айтылып, практикаға енгізілді. Елде жүріп жатқан осындай әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси процестерді халыққа дұрыс жеткізу, қоғам мен билік арасында заң мен тәртіпке негізделген әділетті қатынастың орнауына атсалысу бүгінгі қоғамдық кеңестердің басты міндеті болуы тиіс.

Қазыбек ДӘУІТӘЛИЕВ,
облыстық қоғамдық кеңес төрағасы

технологияны зерттеп, Алматы мен Алматы облысының сұрағын шешуде қолдану;

ә) Қарастырылып отырған сұрақ мәні бойынша екі облыстың ғана құзыретіне кіріп қоймайтындықтан, салалық жауапты министрлікті қатыстыра отырып Үкімет жанынан ведомстволық комиссия құру.

Екіншісі – Алатау қаласының құрылуымен байланысты жер саласында туындап отырған спецификалық мәселелер. Бұған 4 шілдеде Жетігенде өткен кездесуімізде куә болдық. Жер саласында басталып қойған құқықтық қатынастардың аяқталмауы – маңызды мәселе. Алатау қаласының Бас жоспары Үкімет қаулысымен бекітілетіндіктен, тиісті өзгерістер мен толықтыру енгізуді Парламент депутаттарымен бірлесіп атқаратын боламыз.

Үшіншісі – әскерден жалтару фактісі. Өкінішке қарай, әскери борышын өтеумен байланысты конституциялық міндетін орындаудан жалтару азаймай тұр. Жұмылдыруды қамтамасыз етуді бір ғана әкімдерге артып қойып, мәселені жүйелі түрде шеше алмайтынымыз айдан анық. Мұны Кегенде өткен отырысымызда хаттамаға тіркеп алдық. Бұл мәселе барлық жерде көтерілуде. Осы ретте қолданыстағы заңнамада ынталандыру шаралары қарастырылуы қажет деп санаймыз. Әскери борышын өтегендерге 2-5% жеңілдетілген несиені беру, мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасымен ипотекаға үй беру, салықтан жеңілдіктер қарастыру, жұмысқа тұруда қолдау және басқа жеңілдіктер жасауға болады.

АҚШ тәжірибесінде осы айтылғандардың бәрі бар. Біздің елде де бірсыпырасы іске асуда. Атап айтсақ, грантпен жоғары білім алуға жеңілдік қарастырылған. Мұны ары қарай жетілдіру керек деп ойлаймын.

Әскерден жалтарудың негізгі мәселесі буллинг екені баршаға мәлім. Десе де бұл бағытта көзге көрінбейтін әлеуметтік-мәдени себептер де жеткілікті. Оның азаматтық борыш екенін балаға түсіндіріп, мектептен бастап жүйелі тәрбиелеу керек. Осы орайда келесідей іргелі сұрақтарды көтердік: мектептерде ер-азаматтардың саны өте аз, оқушыларға негізінен әйел кісілер білім беруде, соңғы кездегі «Педагог мәртебесі туралы» Заң бұл жағдайды біраз түзеткен



Қазіргі таңда экологиялық жағдай – тек бір елдің ғана емес, күллі әлем жұртшылығының басты назарындағы мәселе. Адамзат өркениетінің дамуы табиғатқа айтарлықтай салмақ салып отырғаны белгілі. Ауа мен судың ластануы, жасыл желектердің азаюы мен тұрмыстық қалдықтардың көбеюі – осының айқын дәлелі. Бұл түйткілдер Қазақстанда да өзекті болып отыр, әсіресе жақандар құрылып, қарқынды дамып келе жатқан Алатау секілді жас қала үшін де назар аударар басты мәселенің бірі.

Табиғатты қорғау – болашақты қорғау

Алатау қаласында ел Президентінің «Таза Қазақстан» акциясын ары қарай қолдау және дамыту мақсатында «Таза табиғат – ұлт болашағы» атты экологиялық бастама көтерілді. Бұл – қоршаған ортаны сақтауға бағытталған ұлттық ауқымдағы маңызды жоба. Ол халықтың экологиялық мәдениетін арттыруды, табиғатты аялап қорғауға бағытталған азаматтық белсенділікті нығайтуды көздейді. Алатау қаласында бұл бағытта бірқатар жүйелі жұмыс жолға қойылды. Апта сайын ұйымдастырылатын сенбілік барысында қаланың әрбір ықшамауданында тазалық жұмыстары жүргізілуде. Қоқыс қалдықтары арнайы техникамен шығарылып, тазартылуда. Сонымен қатар тұрғындар арасында қоқысты сұрыптап тастау мәдениетін енгізу жұмыстары да қолға алынған.

Алатау қаласының мектептері мен балабақшаларында экологиялық тәрбиеге ерекше көңіл бөлінуде. Балаларға табиғатты сүю, оған жанашыр болу, қоршаған ортаға ұқыпты қарау туралы түрлі үйірмелер мен жобалар, сурет көрмелері және танымдық сабақтар ұйымдастырылып отыр. Бұл – болашақ ұрпақтың бойына табиғатқа деген жауапкершілікті сіңірудің маңызды қадамы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Біз табиғатты сақтауға ұмтылғанда ғана ұрпағымызға жарқын болашақ қалдыра аламыз», – деп атап өткен болатын. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісіне айналуы тиіс.

Алатау қаласы әкімдігі барлық тұрғындарды тазалыққа үлес қосуға, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-шараларға белсенді араласуға шақырады. Әрбір адамның қарапайым күнделікті әрекеті – өз ауласын таза ұстау, қоқысты кез келген жерге тастамау, ағаш отырғызу – бұл қаламыздың экологиялық келбетіне қосылған үлес екенін ұмытпайық.

Таза табиғат – салауатты өмірдің кепілі. Алатау қаласы жарқын болашағын тек технологиялық дамумен емес, таза, қауіпсіз, жайлы ортасымен де қамтыпастырады. Сондықтан әрқайсымыз табиғатпен үйлесімді өмір сүруге ұмтылайық! Келешек ұрпаққа көрікті қала мен таза ауаны мирас етіп қалдыру – баршамыздың ортақ міндетіміз!

Риза САУЫРБАЕВА,
Алатау қалалық аналар кеңесінің төрағасы

ӘЛЕУМЕТ

Орталық ашылды

Қарасай ауданының Ақсеңгір және Көктоған ауылдарында отбасылық денсаулық сақтау орталықтары ашылды. Бұл нысандар мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында «NOVA INVEST» ЖШС-ның қаражатына салынды.



Орталықтың салтанатты ашылу рәсіміне облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Сүлейменов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Анас Баққожаев, «NOVA INVEST» ЖШС бас директоры Қарлығаш Ибраева және Қарасай ауданының әкімі Жасұлан Естенов қатысты.

Әр орталықтың жалпы аумағы 100 шаршы метрден асады. Онда тіркеу бөлімі, жалпы тәжірибе дәрігерлері мен бейінді мамандар қабылдайтын жеті бөлме бар. Бұл орталықтар шамамен 3 мың тұрғынға қызмет көрсетеді деп жоспарланған. Медициналық көмек – ТМҚК және МӘМС аясында тегін көрсетіледі. Көктоған ауылындағы ғимарат 2021 жылы, Ақсеңгір ауылындағы 2023 жылы салынған. Жобаларға сәйкес инвестиция көлемі тиісінше 51 және 49 миллион теңгені құрады. Биыл күзде Кемертоған және Көкөзек ауылдарында тағы екі жаңа нысан пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Қуат ӘБІЛҰЛЫ
Қарасай ауданы

МЕМОРАНДУМ

Қонаев қаласында ерекше маңызы бар қоғамдық шара өтті. Облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма мен «Жетісу жастары ұйымының конгресі» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Фирма БЕНТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылды. Шара аясында мұқтаж отбасылар мен ардагерлерге арналған қайырымдылық акциясы да ұйымдастырылды.

● Құралбек СӘБИТОВ

Волонтерлікті дамытуды көздейтін жаңа меморандум аясында әлеуметтік жобалар жүзеге аспақ. Аталған меморандум еліміздегі еріктілер қозғалысын жана деңгейге көтеріп, волонтерлік бастамаларды жүйелеуге, жұмысын үйлестіруге және жастардың қоғамдық өмірге белсене араласуына жол ашады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, заманауи фронт-офис ашу



арқылы еріктілердің қызметі нақты әрі нәтижелі бағытта жүрізілген. Егі бастаманың сенімді серіктесіне айналған – Ділмұрат Кузиев басқаратын «БЕНТ» фирмасы бұған



дейін де көптеген әлеуметтік жобаны жүзеге асырып келген. Компанияның қолдауымен Алматы қаласында тоғыз мешіт, Ұйғыр драма театры және мәдениет музейі бой көтерді. Бұған

қоса олар үнемі балалар үйлеріне, спорт ұйымдарына, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға тұрақты түрде көмек көрсетіп келеді. Сондай-ақ Пирмұхамед-хаджи Кузиев

атындағы отбасылық қор да ел игілігі үшін еңбек етуде. Қор жылдар бойы аз қамтылған отбасыларға, зейнеткерлер мен жетімдерге, дарынды жастарға қолдау танытып, қайырымдылық бағытта 500-ден астам мұсылман студентін шәкіртақымен қамтамасыз етуде. Ділмұрат Кузиевтің жеке қаржысына оннан астам мектеп жөнделіп, заманауи техникамен жабдықталғаны да айта кеткен жөн.

Әлеуметтік қолдау аясында құрылған меценаттар клубы да ел есінде. Аталған ұйым өнер мен мәдениетке үлес қосқан жандарға «Ильхам» сыйлығын табыстап келеді.

«БЕНТ» компаниясымен арадағы ынтымақтастық туралы меморандум – жастар саясатының жана серпіні. Бұл қадам қоғам игілігіне бағытталған жобалардың санын арттырып қана қоймай, жастардың белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігін көтеруге ықпал етпек.

Қонаев қаласы



ТУРНИР

АҚЫНҒА АРНАЛДЫ

Алматы қаласындағы әйгілі «Динамо» стадионы тағы бір мәрте тарысты ойын мен айрықша құрметтің куәсі болды. Бұл жолы алаң төрінде елге еңбегі сіңген тұлға, С.Бердіқұлов атындағы сыйлықтың иегері, танымал спорт комментаторы, ақын-жазушы Ақын Ордабайұлының 60 жасқа толуына орай футболдан ардагерлер арасында турнир ұйымдастырылды.



Құралбек СӘБИТОВ

Бұл – жай ғана доп қуалаған дүбірлі дода емес, ел спортына қалтқысыз қызмет еткен қайраткерге жасалған құрметтің ерекше бір көрінісі. Турнирдің ашылу салтанатында алғашқы болып сөз алған Бейжің олимпиадасының күміс жүлдегері, Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев Ақын Ордабайұлының ел спорты мен ақпарат кеңістігіне қосқан үлесін тебірене атап өтті. Сондай-ақ қазақ күресінің майталманы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Ерғали Мұхитдинов жазушы жайлы ойын ортаға салып, шараның маңызын арттыра түсті.

істері агенттігі атынан «Спортты дамытуға қосқан ерен еңбегі үшін» төсбелгісі табысталды.

Турнирге барлығы 8 команда қатысып, өзара шеберлік сынасты. Жарыс барысында ардагерлердің әлі де жігер оты сөнбегенін аңғару қиын болмады. Әрбір ойын шынайы тартысқа толып, көрермен көңілінен шықты. Нәтижесінде 1-орын «Қазақфильм» командасына бұйырса, 2-жүлдені «Іле» командасы еншілеп, 3-орынды «Динамо» командасы иеленді.

Жекелеген номинациялар бойынша да жеңімпаздар анықталып, дара шыққан ойыншыларға сый-сияпат берілді.

«Динамо» командасының капитаны Сайфутдин Шамсутдинов «Үздік қорғаушы», Мұрат Нұркеев және Айбек Үшкөмпіров «Үздік қақпашы», елімізге белгілі спорт журналисі, ардагерлер футболының жанашыры Әлім Анапиянов «Үздік ойыншы» ретінде танылды.

Бұл күн спортсүйер қауым үшін естен кетпес сәтке айналды. Турнир

бір жағынан достық пен татулықтың белгісі болса, екінші жағынан ел ішінде елеулі еңбек еткен тұлғаның өмір жолына көрсетілген құрметтің нақты көрінісі болды.

Ақын Ордабайұлы – тек спорт саласында ғана емес, қазақ журналистикасы мен көркем әдебиетінде де өз қолтаңбасын қалдырған санаулы азаматтың бірі. Оның қаламынан туған сүбелі сұхбаттар мен сырлы өлеңдер оқырман бей-жай қалдырмаған. Ал спорт комментаторы ретінде тұтас бір буынның жадында сақталып, стадионның қызу атмосферасын жанкүйер жүрегіне жеткізе білген шебер.

Шараға куә болғандардың бірі, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың дәріскері, грек-рим күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері Бауыржан Жығарбаев турнирдің мәні мен мазмұнына тоқталып өтті.

– Бұл жарыс – жастарға үлгі, ардагерлерге құрмет. Ал Ақын ағамыз биік беделге лайық. Бүгінгі футбол алаңы соны паш етті, – деп тебірене сөйледі ол.

Иә, спорт – тек бәсеке емес, ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын, адалдық пен еңбектің бағасын арттыратын үлкен алаң. Ақын Ордабайұлына арналған бұл турнир – соның дәлелі.



ХАБАРЛАНДЫРУ

ХАБАРЛАНДЫРУ

28.07.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖУДБ ақпараттық жүйеі ndbecology.gov.kz. сайтында Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан «Қарғалы-6» Шығыс учаскесі құм-киршік тас қоспасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «ЗУЛЬФИЯ» Ш/Қ, мекенжайы: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Саурық батыр көшесі, 151. Тел: 87051374291, askar_jai@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖУДБ ақпараттық жүйеі ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

28.07.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖУДБ ақпараттық жүйеі ndbecology.gov.kz. сайтында Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан №1 учаске «Қарғалы-6» құм-киршік тас қоспасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «ЗУЛЬФИЯ» Ш/Қ, мекенжайы: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Саурық батыр көшесі, 151. Тел: 87051374291, askar_jai@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖУДБ ақпараттық жүйеі ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

28.07.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖУДБ ақпараттық жүйеі ndbecology.gov.kz. сайтында Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан №3 учаске «Қарғалы-6» құм-киршік тас қоспасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «ЗУЛЬФИЯ» Ш/Қ, мекенжайы: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Саурық батыр көшесі, 151. Тел: 87051374291, askar_jai@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖУДБ ақпараттық жүйеі ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 28.07.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении песчано-гравийной смеси «Каргалы-6» участок Восточный, расположенный в Жамбылском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: К/Х «ЗУЛЬФИЯ», адрес: Алматинская область, Жамбыльский район, с.Узынағаш, ул.Саурық батыр 151, тел: 87051374291, askar_jai@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

С 28.07.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении песчано-гравийной смеси «Каргалы-6» участок №1, расположенный в Жамбылском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: К/Х «ЗУЛЬФИЯ», адрес: Алматинская область, Жамбыльский район, с.Узынағаш, ул.Саурық батыр 151, тел: 87051374291, askar_jai@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

С 28.07.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении песчано-гравийной смеси «Каргалы-6» участок №3, расположенный в Жамбылском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: К/Х «ЗУЛЬФИЯ», адрес: Алматинская область, Жамбыльский район, с.Узынағаш, ул.Саурық батыр 151, тел: 87051374291, askar_jai@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

28.07.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖУДБ ақпараттық жүйеі ndbecology.gov.kz. сайтында Алматы облысы Жамбыл ауданында орналасқан №2 учаске «Қарғалы-6» құм-киршік тас қоспасы кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «КазИнертРесурс» ЖШС, БСН: 231240016151, мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Көксай ауылы, Арай көшесі, 30-үй. Тел: 87051374291, askar_jai@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖУДБ ақпараттық жүйеі ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

28.07.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖУДБ ақпараттық жүйеі ndbecology.gov.kz. сайтында Алматы облысының Талғар ауданында орналасқан «Алексеевское» (Оңтүстік учаскесі) С1-XXIIIа блогы құм-киршік тас қоспасының кен орнын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «АК-Жол ДС» ЖШС, БСН: 101240015197, мекенжайы: Алматы облысы, Талғар ауданы, Актас ауылы, 616-ғимарат. Тел: 87051374291, akjol_ds@inbox.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖУДБ ақпараттық жүйеі ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

29.08.2025 жылы сағат 11:00-де Алматы облысы, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13 мекенжайы бойынша «Алматы облысы Қонаев қаласына әкімшілік-аумақтық бағыныстағы жерлерде орналасқан «ES SynErgy» ЖШС өндірістік базасы» нысанына қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «ES SynErgy» ЖШС, БСН: 240240028015, мекенжайы: Алматы қ. Бостандық ауданы, Орбита-4 ш/а, 16-үй, 48-пәтер, тел: 87051116671, bagi_zhann@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖУДБ ақпараттық жүйеі ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 28.07.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении песчано-гравийной смеси «Каргалы-6» участок №2, расположенный в Жамбылском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: «КазИнертРесурс», БИН: 231240016151, адрес: Алматинская область, Карасайский район, с.Коксай, улица Арай, дом 30, тел: 87051374291, askar_jai@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

С 28.07.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации месторождения песчано-гравийной смеси «Алексеевское» (участок Южный) блок С1-XXIIIа, расположенного в Талгарском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АК-Жол ДС», БИН: 101240015197, Алматинская область, Талгарский район, с.Актас, здание 616, тел: 87051374291, akjol_ds@inbox.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

29.08.2025 г. в 11:00 часов, по адресу: Алматинская область, г.Қонаев, проспект Жамбыла 13 будут проводиться общественные слушания по объекту «Производственная база ТОО «ES SynErgy», расположенный на землях административно-территориального подчинения г.Қонаев Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференции: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «ES SynErgy», БИН: 240240028015, адрес: г.Алматы, Бостандық ауданы, мкр.Орбита-4, дом 16, кв.48, тел: 87051116671, bagi_zhann@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

03.09.2025 жылы сағат 11:00-де Алматы облысы, Талғар ауданы, Кендала ауылы, Отырар көшесі 2 мекенжайында «Алматы облысының Талғар ауданында орналасқан «Алексеевское» кен орнында (Оңтүстік учаскесі) С1-XXIIIа блогында құм-киршік тас қоспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «АК-Жол ДС» ЖШС, БСН: 101240015197, мекенжайы: Алматы облысы, Талғар ауданы, Актас ауылы, 616-ғимарат. Тел: 87051374291, akjol_ds@inbox.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖУДБ ақпараттық жүйеі ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

03.09.2025 г. в 11:00 часов, по адресу: Алматинская область, Талгарский район, с.Кендала, ул.Отырар 2 будут проводиться общественные слушания по проекту «План горных работ по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «Алексеевское» (участок Южный) блок С1-XXIIIа, расположенного в Талгарском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференции: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АК-Жол ДС», БИН: 101240015197, Алматинская область, Талгарский район, с.Актас, здание 616, тел: 87051374291, akjol_ds@inbox.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ИП ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел. 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

«Өлке тынысы» ЖШС мен Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің ұжымы Алматы облысы әкімінің баспасөз хатшысы Жанна Арынбековаға әкесі

Сержан ӘКІМХАНҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Өлке тынысы» ЖШС мен Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің ұжымы «Огни Алатау» басылымының қызметкері, журналист Жанар Мықтыбаеваға әкесі

Жексембек МЫҚТЫБАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АЛАТАУ арайы
Бас редактордың бірінші орынбасары: Алма ЕСЕНБАЙ
Бас редактордың орынбасары: Болат МӘЖИТ
Директор: Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ
Бас редактор: Қуаныш ТҮНҒАТАР

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11
Іле ауданы, Алатау қаласы – Бағдат ШОЙБАС 8 705 261 50 98
Үйгір ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ 8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25
ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қызқарасын білдірмейді
«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек
Газеттегі кейбір суреттер галамтордағы ашық дереккөздерден алынады
Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № КЗ22ҰР00086933 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.
Талпысыр – 716
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823.
Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Құралбек СӘБИТОВ